

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережеге өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2021 жылғы 5 қазандағы № 96 шешімі.

Санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 12 қосымша) 9-тармағына және Жоғары еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссия жұмысының регламентіне № 1 қосымшаның 49-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі **пешті:**

1. Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережеге қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілсін.

2. Осы Шешім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде "Электрондық түрде берілген ветеринариялық ілеспе құжаттармен (ветеринариялық сертификаттармен) алмасуды қамтамасыз ету" жалпы процесі қолданысқа енгізілген күннен бастап күшіне енетін, өзгерістердің (осы Шешімге қосымша) 3-тармағының үшінші абзацын қоспағанда, ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 180 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения	Беларусь	Қазақстан	Қырғыз	Ресей
Республикасынан М. Григорян	Республикасынан И. Петришенко	Республикасынан А. Смайылов	Республикасынан А. Жапаров	Федерациясынан А. Оверчук

Еуразиялық экономикалық
комиссия Кеңесінің
2021 жылғы 5 қазандағы
№ 96 шешіміне
ҚОСЫМША

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асырудың бірыңғай тәртібі туралы ережеге енгізілетін өзгерістер

1. Мәтін бойынша "ілеспе құжаттардағы" деген сөздер "тауарға ілеспе құжаттардағы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 2.1-тармақ мынадай мазмұндағы 2.1.14-тармақшамен толықтырылсын:

"2.1.14. "экспорттаушы елдің мемлекеттік (ресми) ветеринариялық дәрігері" – экспорттаушы елдің құзыретті органының лауазымды адамы болып табылатын немесе осындай орган тағайындаған ветеринариялық дәрігер."

3. 3.7-тармақтың бірінші абзацы мынадай мазмұндағы абзацтармен ауыстырылсын:

"3.7. Бақылауға жататын тауарларды әкелу, әкету, транзиттеу кезінде, сондай-ақ Одақ ішінде бір мүше мемлекеттің аумағынан екінші мүше мемлекеттің аумағына өткізу кезінде тасымалдаудың барлық уақыты ішінде, егер бұл Бірыңғай ветеринариялық талаптарда көзделген болса, қағаз бланкіде немесе электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттармен қоса жүруге тиіс. Егер ветеринариялық сертификат электрондық түрде ресімделген жағдайда, мүше мемлекеттің уәкілетті органының лауазымды адамдары бақылаудағы тауар иесінен (тасымалдаушыдан) ветеринариялық сертификатты қағаз бланкіде ұсынуды талап етуге құқылы емес. Бұл ретте бақылаудағы тауардың иесі (тасымалдаушысы) ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру үшін көрсетілген лауазымды адамдарға өз таңдауы бойынша электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттың нөмірін немесе осындай сертификаттың екі өлшемді матрицалық штрих кодын немесе оның қағаз көшірмесін беруге міндетті. Ветеринариялық сертификаттарды мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарының лауазымды адамдары немесе экспорттаушы елдердің мемлекеттік (ресми) ветеринариялық дәрігерлері береді.

Экспорттаушы елдің құзыретті органының ветеринария саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттар мүше мемлекеттің уәкілетті органының ветеринария саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйесіне, ал мүше мемлекеттің ветеринария саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттар Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесін пайдалана отырып, басқа мүше мемлекеттердің ветеринария саласындағы мемлекеттік ақпараттық жүйелеріне беріледі.

Егер мүше мемлекеттің уәкілетті органы мен экспорттаушы елдің құзыретті органы арасында электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттарды тану туралы уағдаластыққа қол жеткізілген жағдайда, бұл уәкілетті орган аумақтары бойынша бақылаудағы тауарларды өткізу (тасымалдау) жүзеге асырылатын басқа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарын осындай сертификаттарды қарау мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттардың алып жүруімен бақылаудағы тауарлар одақтың кедендік аумағы арқылы транзиттелген жағдайда, бақылаудағы тауарды жөнелтуші елдің құзыретті органы және (немесе) бақылаудағы тауарды алатын елдің құзыретті органы аумақтары арқылы бақылаудағы тауарларды өткізу (тасымалдау) жүзеге асырылатын мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарына осындай сертификаттарды қарау мүмкіндігін қамтамасыз етеді."

4. 3.8-тармақта:

мәтін бойынша тиісті септіктегі "құзыретті органның лауазымды адамы" деген сөздер тиісті септіктегі "мемлекеттік (ресми) ветеринариялық дәрігер" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші және бесінші абзацтардағы "осы құзыретті органның" деген сөздер "экспорттаушы елдің құзыретті органының" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттарда Комиссия бекіткен ветеринариялық сертификаттардың тиісті нысандары немесе Кеден одағы Комиссиясының 2011 жылғы 7 сәуірдегі № 607 шешімімен бекітілген Бірыңғай ветеринариялық сертификаттар нысандарынан ерекшеленетін парафирленген ветеринариялық сертификаттар нысандары сияқты мәліметтер болуы тиіс.

Электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификатқа өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

Егер экспорттаушы елдің мемлекеттік (ресми) ветеринариялық дәрігері немесе мүше мемлекеттің уәкілетті органының лауазымды адамы ветеринариялық сертификатты электрондық түрде ресімдеу кезінде техникалық қате жіберсе немесе электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификатта көрсетілген бастапқы ақпарат дұрыс болмағаны анықталса, экспорттаушы елдің құзыретті органы немесе мүше мемлекеттің уәкілетті органы жаңа ветеринариялық сертификатты электрондық түрде ресімдеуі тиіс. Жаңа ветеринариялық сертификатты электрондық түрде ресімдеуге онда қамтылған мынадай ақпарат: жүк жөнелтушінің атауы мен мекенжайы, жүк алушының атауы мен мекенжайы, көлік (вагонның, автомашинаның нөмірі, ұшақтың рейсі, кеменің атауы), транзит елі (елдері), Одақтың кедендік шекарасын кесіп өту пункті өзгерген кезде жол беріледі. Электрондық түрде ресімделген жаңа ветеринариялық сертификатта оның бұрын берілген, электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификатты алмастыратыны туралы жазба жасалады және электрондық түрде ресімделген, күші жойылған ветеринариялық сертификаттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Жаңа сертификатпен ауыстырылған ветеринариялық сертификаттың күші жойылуы керек."

5. 3.15-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификаттары бар бақылаудағы тауарларға қатысты осы Ережеге № 3 қосымшада көзделген нысан бойынша тиісті мөртабандарды қою Одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізу пункттеріндегі бақылау органдарының өзара іс-қимылының технологиялық схемасына сәйкес тауарға ілеспе құжаттарда жүзеге асырылады."

6. 4.1-тармақтың бірінші абзацы "сертификаттармен," деген сөзден кейін "қағаз бланкіде немесе электрондық түрде ресімделген сертификаттармен" деген сөздермен толықтырылсын.

7. 6.3-тармақтағы "бақылаудағы тауарды экспорттаушы елдің құзыретті органы берген" деген сөздер "егер бұл Бірыңғай ветеринариялық талаптарда көзделген болса, бақылаудағы тауарды экспорттаушы елдің құзыретті органы берген қағаз бланкіде немесе электрондық түрде ресімделген" деген сөздермен ауыстырылсын.

8. 7.2-тармақтағы "және (немесе) ветеринариялық сертификаттың" деген сөздер ", сондай-ақ егер бұл Бірыңғай ветеринариялық талаптарда көзделген болса, қағаз бланкіде ресімделген ветеринариялық сертификаттың (электрондық түрде ресімделген ветеринариялық сертификат туралы мәліметтердің)" деген сөздермен ауыстырылсын.

9. 7.4-тармақтағы "және ветеринариялық сертификатта" деген сөздер "және (немесе) қағаз бланкіде ресімделген ветеринариялық сертификатта" деген сөздермен ауыстырылсын.

10. Көрсетілген Ережеге № 3 қосымшаның мәтіні бойынша "ілеспе құжаттарға" деген сөздер "тауарға ілеспе құжаттарға" деген сөздермен ауыстырылсын.